

БЕКІТЕМІН:

Абай облысы білім басқармасының

«Дарындылық пен қосымша білім беруді
дамытудың облыстық ғылыми - әдістемелік
«Дарын орталығы»» КМҚК директоры

С.Оспанова

« 25 » *ноябрь* 2024ж



**Физика- математика ғылымдарының докторы, профессор
Т.И. Аманов атындағы жалпы білім беретін мектептердің 9-11 сынып
оқушыларына математикадан облыстық олимпиаданы өткізу туралы
ЕРЕЖЕ**

Абай облысының білім басқармасы ММ «Дарындылық пен қосымша білім беруді дамытудың облыстық ғылыми – әдістемелік «Дарын» орталығы» КМҚК (ары қарай – «Дарын» орталығы) физика – математика ғылымдарының докторы, профессор Т.И. Аманов атындағы жалпы білім беретін мектептердің 9-11 сынып оқушыларына математикадан облыстық олимпиада (ары қарай -олимпиада) өткізеді.

Осы Ереже математикадан облыстық олимпиаданы өткізудің қағидаларын анықтайды, олимпиадаға қатысу және жеңімпаздарды анықтау тәртібін белгілейді.

Олимпиаданың мақсаты мен міндеттері:

- дарынды жастарды іріктеп тарту, облыстық олимпиаданы дарынды оқушыларының интеллектуалдық әлеуетін дамыту, математика саласындағы білімдерін тереңдету;

- олимпиадаға қатысушылардың логикалық ойлауын дамыту, білімдерін жүйелендіру және оларға стандартты емес есептерді шешудің жолдарын қолданып, үйрету;

Олимпиаданы өткізу тәртібі

Олимпиада екі кезеңде өткізіледі:

I кезең: аудандық, II кезең: облыстық.

Олимпиаданың I кезеңінде (аудандық) қатысушыларға математикадан олимпиадалық 4 тапсырма беріледі (2 сағат -120 мин);

II кезеңінде математикалық – олимпиадалық логикалық (алгебра, геометрия, математикалық талдау) 5 тапсырма (2,5 сағат – 150 мин.) беріледі. Олимпиада қазақ тілі және орыс тілдерінде өткізіледі.

Олимпиаданың барлық кезеңдерін тапсырмалармен қамтамасыз етуді дарынды балалармен жұмыс жүргізу саласындағы ұйым – Дарындылық пен қосымша білім беруді дамытудың облыстық ғылыми- әдістемелік «Дарын» орталығы жүзеге асырады.

Олимпиаданы өткізудің нәтижесі бойынша ең жоғарғы балл алған оқушы жеке есептегі жеңімпаз болып саналады.

Олимпиада қатысушылары

Жалпы білім беретін мектептердің және облыстың мамандандырылған мектептердің 9-11 сынып оқушылары қатыса алады. Олимпиаданың облыстық кезеңіне қатысу үшін тапсырысты қала, ауданның білім бөлімдері және облыстың мамандандырылған мектептер «Дарын» орталығының daryn_abai@mail.ru электронды поштасына жібереді.

Облыстық кезеңге: 9 сынып – 2 оқушы (қазақ тілінде – 1, орыс тілінде – 1); 10 сынып – 2 оқушы (қазақ тілінде 1, орыс тілінде - 1); 11 сынып – 2 оқушы (қазақ тілінде 1, орыс тілінде - 1).

Ұйымдастыру комитеті облыстық олимпиадаға қатысушылардың тізімін бекітеді. Осы бекітілген кестеге сәйкес, олимпиадаға қатысады.

Олимпиадаға қатысу тілі - қазақ, орыс тілдері.

Ұйымдастыру комитетінің құрамы «Дарын » орталығының бұйрығымен бекітіледі.

Ұйымдастыру комитетінің құрамына облыстық білім басқармасының және оған ведомстволық бағынысты ұйымдардың, жоғарғы оқу орындарының өкілдері кіреді.

Ұйымдастыру комитетінің қызметі:

1. Олимпиаданы дайындау мен өткізудегі тікелей басшылық ұйымдастыру – әдістемелік жұмыстарын қамтамасыз ету;

2. Олимпиаданың қазылар алқасын және академиялық тобының құрамын бекіту;

3. Олимпиаданың қорытындылары бойынша БАҚ және облыстық білім басқармасының сайттарына ақпараттар береді.

Олимпиаданың қазылар алқасы төрағадан, мүшелерінен және хатшыдан тұрады.

Қазылар алқасы:

- Олимпиадаға қатысушылардың жазбаша жұмыстарын тексереді, олардың нәтижелерін бағалайды;

- Ұйымдастыру комитетіне жүлдегерлер мен жеңімпаздарды марапаттау жөніндегі ұсыныстар жасайды;

- Олимпиада қатысушыларының орындаған жұмыстарына талдау жүргізеді.

Олимпиадаға қатысушыларға мынадай жағдайларға тыйым салынады:

- Бір-бірімен қарым-қатынас жасауға, тапсырмаға қатысты емес сұрақтар тек олимпиаданы ұйымдастырушы өкілдерімен шешілуі қажет;

- Нормативтік құжаттарды, оқу әдебиеттерін және анықтамаларды қолдануға;

- Ұялы телефонды және басқа да байланыс құралдарын қолдануға;

- Оқу кабинетінен шығуға, тек ұйымдастыру комитеті өкілдерінің келісімімен немесе солардың біреуімен шығуға рұқсат етіледі. Осы шартты бұзған қатысушылар олимпиададан шығарылады, ал олардың жұмыстары сайыста қаралмайды.

Олимпиада жеңімпаздарын марапаттау

Әділқазылар олимпиада жеңімпаздары мен жүлдегерлерін анықтайды. Жеңімпаздарды марапаттау шешімі хаттама арқылы дайындалады.

Олимпиада өткізу нәтижесі бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлер I, II және III дәрежелі дипломмен марапатталады.